

Уаң жи шияң, Пу хоңиан

ШҰАР Іле педагогикалық университеті, Құлжа, Қытай  
(E-mail: 乌鲁木齐拜ub.j@163.com)

## «Фоулсон сага» эпосы мен «Қобыланды батыр» жырындағы неке-махаббат тақырыбы

«Фоулсон сага» мен «Қобыланды батыр» жыры герман текті халықтар мен қазақ халқының уәкілдік сипатқа ие эпостық жырлары болып саналады. Мақала авторлары бұдан бұрынғы зерттеулерде онша көп сөз бола қоймаған әйелдер образын тілге тиек етеді де, оларды салыстыра зерттейді. Екі дастандағы әйелдер мейлі қоғамдық орны тұрғысынан болсын, немесе адал жар, қормал ана болуы тұрғысынан болсын бәрі де тамаша сомдалған образдар болып, оқырманды еріксіз өзіне баурайды. Екі жырдағы әйелдер образы арасы сонша шалғай, бір-біріне мүлде ұқсамайтын теңіз мәдениеті мен сахара мәдениеті аясында сомдала тұрса да, олардың тіршілік жағдайы негізінен ұқсас, олар алып тұлғалы батырлардың тасасында жүрген нәзік пенде ретінде төменетек деп қаралып, күн болудан, жәбір көруден құтыла алмайды.

*Кілт сөздер:* эпостық жыр, әйелдер образы, «Фоулсон сага», батырлық эпостар, «Қобыланды» батыр дастаны, кейіпкерлік салыстыру.

Германдар б.э.д. заманнан бұрынғы XX ғасырдан қазіргі жыл санаудың IV ғасырына дейін Балтық теңізі мен Скандинавия өңірінде өмір сүрген, тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі бір-біріне жақын келетін ұлттардың ортақ атауы болып, бұл қауым бірталай ұлтты өз ішіне қамтиды да, олар кейін Еуропа құрлығының орта бөлігіне қарай бірте-бірте қоныс аударады. Олардың тілі үнді-еуропа тілдер жүйесі арян тармағына жатады. Бұл қауым бертінде дейін өздерін герман деп атамаған, әрі өздерін «бір тұтас ұлтпыз» деп те қарамаған. Ұлттардың үдіре қоныс аударуы заманында герман текті халықтар ішінен скандинавиялықтар, ағылшындар, вириссуряндар, немістер дербес ұлт ретінде бөлініп шығады. Бұл мақалада осы қауымдар жалпылай герман текті халықтар деп аталады. Герман текті халықтардың уәкілдік сипатқа ие эпостық жырларынан «Беолф жыры», «Хильдебранд жайлы жыры», «Нибелунг жайлы жыры», «Фоулсон сага жыры», «Ниорт сага жырын» атауға болады. Мейлі «Беолф жырындағы» бас кейіпкер Беолфтің қартайған шағында семсерін серт ұстап от шашатын алып айдаһармен айқасқан шақтағы айбынды да азапты бейнесі болсын, немесе «Хильдебранд жайлы жырындағы» әкелі-балалы Хильдебрандтың жекпе-жекке түсердегі қасіретті зары болсын, не «Нибелунг жайлы жырындағы» Кримхильданың, сүйген жігіті үшін өш алған кезіндегі мұңға толы кек жыры болсын, иә «Фоулсон сагадағы» талақ болған Белленхильдтың қолынан келген бар амалды істеп, өш алған кезіндегі толқулы көңіл-күйі, тіпті, «Ниорт сагадағы» жәй бұқарадан шыққан «заң атқарушы» Кримхильд отбасының өртеліп кеткендегі аянышты трагедиялық халы болсын — бәрі-бәріде Еуропадағы герман текті ұлттардың сырлы да сиқырлы теңіз мәдениетінен бізге жеткен көркем белгілер болып саналады.

Қазақ халқы — тарихы ұзақ ұлт болумен бірге, сырлы да ғажайып жыраулық дәстүрді жалғастырған көшпенді ұлттардың бірі. Қазақ халқында әр түрлі тақырыптағы, әр түрлі жанрдағы бірнеше жүзден астам эпикалық және лирикалық дастандар бар, бұл дастандар қазақ ауыз әдебиетінің ең жоғарғы өресіне уәкілдік етеді. Бұлардың ішінде ерекше көзге түсетіні батырлық эпостар мен жырлар, ал батырлық эпостардың ішінде «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Арқалық», тағы басқа уәкілдік сипаттағы дастандар есептеледі. Мейлі «Алпамыс» дастанындағы Алпамыс пен қалмақ ханы Қараманның бетпе-бет шайқасындағы жарқылдаған қару-жарақ болсын, немесе «Қобыланды батыр» дастанындағы Қобыланды батырдың қаруын ойната майданға шығып, талай құрыш білекті жеңіп, сұлу жарға қолжеткізген кездегі салтанатты сәттері болсын, не «Қамбар батыр» дастанындағы Қамбардың тоқсан үйлі бейуаз бұқараны бір өзі асырай алған кездегі көңілді шақтары болсын, иә «Ер Тарғын» дастанындағы күшті жауды жеңіп, ауыр жаралы болған Тарғынға опасыздық жасаған ру басылардың оны иен далаға жалғыз тастаған кездегі қайнаған кегі мен ызғарлы бейнесі болсын, немесе «Арқалық батыр» дастанындағы Арқалықтың ақсүйектердің зорлық-зомбылығы салдарынан ауыр азап тартқан бейуаз халықтың еңсесін көтеру жолындағы лапылдаған адалдығы мен қайтпас қайсарлығы болсын — бәрі-бәрі де қазақ халқының ежелгі сахара мәдениетінен бізге жеткен көркем де таңғажайып жәдігерліктер деп есептеледі.

Батырлық дастандарды сөз еткенде, батыр мен қарсы жағының қиян-кескі шайқасы еріксіз еске келеді. Десе де, бұл мақала герман текті халықтар мен қазақ халқының батырлық дастандарын ендік бойынша салыстыра зерттеуде, батырлар мен батырлықты емес, қайта осыған қатысты мамандар ерекше көңіл бөле қоймаған — әйелдер образына баса назар аударылады, сондай-ақ оны батырлық дастандарды танудың тағы бір ашылмаған қыры деп қарайды. Герман текті халықтар мен қазақ халқының батырлық дастандары аса көп, сондықтан біз бұл арада «Фоулсон сага» мен «Қобыланды батыр» дастанын талдау объектісі етіп аламызда, түймедейден түйедейді көрсету жолымен, теңіз мәдениеті мен сахара мәдениеті аясында өмір сүрген, әрі сом тұлғалы қас батырлардың тасасында қалып қойған сұлу да нәзік әйелдердің тағдыр-талайындағы үлкен ұқсастықтар мен болмашы парықтарды сығымдай шешіп көрсетуге құлшынамыз.

«Фоулсон сага» мен «Қобыланды» жеке-жеке герман текті халықтар мен қазақ халқының уәкілдік сипатқа ие ең танымал дастандары болып, осы салада еңбектеніп жүрген мамандар мен әуесқойлардың ол дастандары білмейтіні кем де кем, десе де айтар ойымыздың өрісі болуы үшін, ең әуелі екі дастанның қысқаша мазмұнын таныстырып өтеміз. «Фоулсон сага жырында» Фоулсон әулеті мен Жуис әулеті арасындағы асыл қазынаға кім қожа болуы жолындағы қиян-кескі күрес әл-қисса етіп алынады да, олар әулеттер ортасындағы кіршіксіз махабат пен сұрқия өшпенділіктен туындаған шиеленісті уақиғалар тізбектеле баяндалады. Жырда Фоулсон әулетінен шыққан батыр Сигорд Жуис әулетіне көмектесіп, от шашатын айдаһарды өлтіріп, асыл байлықты алып шығады, бірақ оның ниеті бұзылып, бұл байлыққа мәңгі өзі ие болуға ұрынады, сөйтіп Сигорд бұрынғы ғашығы Булленхильданы тастанды етіп, Жуис әулетінің сұлу қызы — Гудрунмен үйленеді. Ал талақ болған Булленхильда өш алуға бекиді, ол алуан түрлі сұрқия әдіспен Гудруннің ағасы — Куннарден үйленеді, кейін оны қайрап салып Сигордты өлтіреді. Осыдан соң Булленхильданың ағасы Ғұндар патшасы — Аттила (Еділ патша) Жуис әулетінің асыл қазынасын қолға түсіруге ұрынады. Сигорд өлгеннен кейін Аттила Гудрунды зорлықпен әйел етіп алады, сондай-ақ асыл қазынаға ие болу үшін Куннарды қастандықпен өлтіреді. Ағасы Куннардың кегін алу үшін Гудрун Аттиланы, одан туған өз баласын қоса өлтіреді де, ең соңында, өзін-өзі мерт қылып, тыным болады.

Ал, «Қобыланды батыр» дастаны қазақтар мен қалмақтар ортасындағы қанды соғысты әл-қисса етіп алады да, Қобыландының аруақ қолдап, ғажайып дүниеге келуінен, есейіп-ержетіп, алып батыр болғанға дейінгі басынан кешкен қайғы мен шаттыққа толы өмірін баяндайды. Жырда ұрпақ көрмей «қубас» аталған Тоқтарбай қарияның мал-мүлкін шашып, құдай-аруақтан бала тілеп жалбарынуы, ақыры бір ұл, бір қыз көруі, Қобыландының 12 жасқа келгенше көптеген батырларды жеңгені, кейін Құртқаны жұбайы етіп алғаны, Құртқаның бар зейінімен Қобыландының жан серігі Тайбұрылды бағып өсіргені, кейін Қобыланды жат ниетті Қараманның желіктіруіне түсіп, әйелі Құртқаның ақылын тыңдамай бабына әлі жете қоймаған Тайбұрылды мініп жорыққа аттанғаны баяндалады. Қобыланды алғашқы шайқаста Қазан батырды жеңеді, бірақ келесі қалмақ ханы Көбіктімен болған шайқаста жеңіліп, Қараман екеуі қолды болып, абақтыға жабылады. Абақтыда жатқанда Көбікті ханның қызы Қарлыға Қобыландыға ғашық болады да, өз әкесі мен туған ағасын өлтіріп, ол екеуін құтқарып, Қобыландыға еріп қашады. Қобыланды ауылға келген соң өзі жорыққа кеткенде ауылын жаулап алған Алшағыр ханды жеңіп, ата жұртын, елін, әйелі Құртқаны жау қолынан құтқарады. Көп шыйырды басынан өткерген Қобыланды ақыры Қарлығаны да әйелдікке алады.

*1 Берген сертте тұрмау — қатыгездік тақырыбы аясында сомдалған әйелдер образындағы ұқсастық пен парық*

Қатыгездік пен мейірімсіздік көптеген ұлттардың батырлық жырларында үнемі кездесіп отыратын тақырып болып, оны нақтылай, біз тілге тиек етіп отырған екі дастан тұрғысынан алып айтсақ, бұл тақырып басқа дастандардағы сияқты батырлық ерлік тақырыбына тәуелді, қосалқы тақырып ретінде көрініс береді, десе де дастанның едәуір көп бөлегін иеленеді. «Фоулсон сага» жырында бұл тақырып тіпті оқиға желісін дамытудың шешуші түйіні ретінде жарыққа шығады. «Фоулсон сага» мен «Қобыланды» батыр дастандарындағы осы қосалқы тақырып аясында сомдалған әйелдер образы аса кемелді болып, адамды сұлулығымен өзіне баурайды. Теңіз мәдениеті мен сахара мәдениетін артқы көрініс еткен бұл кейіпкерлердің әрқайсысы өз алдына дара тұлға бола тұрса да, олар ерлердің тосын зорлықты қатыгездігі алдында қашанда ұқсас ыңғай танытады, олардың бойындағы бұл ұқсастықтың мәдени негізін ашып көрсету, бүгінгі таңда біз қалам тербеп отырған теңіз мәдениеті мен сахара мәдениеті сынды екі үлкен мәдениеттің ішкі өзегіндегі тылсым сырды тануда кем болса болмайтын тұрғы есептеледі. «Фоулсон сагадағы» Сигордтың ауыр қасіретіне,

Булленхильданың өш алуға бекіп, қарсы жағының жанын алуға дейін барған жауыздығына бетпе-бет келгенде, жырдағы махаббат пен сүйіспеншіліктің қаншалық терең, қаскүнемдік пен өшпенділіктің қаншалық өткір екенін көре аламыз. Мұндағы қаскүнемдік пен өшпенділік әмсе тарихтан бері әрқандай адамды түршіктіріп, төбе шашын тік тұрғызып келгені айдан анық. Ал «Қобыланды» дастанында да ұқсас әйел заты — Қарлыға өзінің тұған әкесі мен ағасын өлтіріп, Қобыландымен бірге қашады, бұған бола күзетшілерді қоян жүрек, үй күшік, топас жандар деп кінәлауға болмайды. Ал Қарлыға әкесі мен ағасын өлтіруді жоспарлаған кезде өзіне ешқандай идеялық тосқауыл қоймайды. Бұл жайлы дастанның кейбір варианттарында жыршылар мүмкіндіктің барынша сахара мәдениетіне біршама үйлесетін түсініктемелер жасайды, яғни Қарлығаның шешесі жас кезінде барымта болып келген қазақтың қыпшақ тайпасының қызы, ол өлер алдында Қарлығаға «сөзсіз кегінді ал, онан соң бір Қыпшақтың етегінен ұста» деп өсиет қалдырады. Біздің байқауымызша, бұл кейін қосылған түсінік, бұл арада оны талқылап отырмаймыз. Десе де осыдан кейін ешкім ойламаған тағы бір ғажап уақиға туындайды, яғни Қобыланды жол үстінде өзін құтқарған Қарлығаны сауға ретінде үзеңгілес досына тарту етеді. Ең аянышты жері, Қобыландының әйелді қолжаулық, достықты адалдық деп қарауына байланысты, Қарлыға ең болмаса Қобыландыға жәй күң де бола алмай, жападан-жалғыз белестегі аядай күркеде тіршілік етіп, күндіз-түні омырауын жаспен жууы болып табылады. Қобыландының қорлауына дөп келгенде жөн-жосық білетін Қарлыға өмір бойы армандаған сүйген жарының қайта оралуынан басқа ешнәрсе ойламайды, ол Булленхильда сияқты тар өрісті тәсіл де қолданбайды. Сахара мәдениеті аясында өмір сүрген әйелдерге қарағанда, теңіз мәдениеті аясында өмір сүрген әйелдер біршама ашық, еркін болады, керісінше, сахара мәдениеті аясында өмір сүрген әйелдер біршама бұйығы, тұйық болады. Міне, бұл Булленхильда мен Қарлығаның ұқсас қиындыққа тап болған кезде, оны шешу тәсілдерінің парықты болуы себебі болса керек.

Бұдан сырт әйелдердің қоғамдық орны мен отбасындағы орны туралы сөз қозғасақ, «Фоулсон сага» жырлаған дәуірде герман текті халықтарда әйелдердің қоғамдық орны, «Қобыланды батыр» жырындағы дәуірдегі қазақ әйелдерінің қоғамдық орнына қарағанда, жоғарырақ болған. Мәселен, «Германия естеліктерінде»: «(Ерлер) әйелдерге елеусіз қарамаңдар, олармен жұмыс туралы ақылдасыңдар, олардың пікіріне құрмет етіңдер», — деген сөйлемдер кездеседі. «Фоулсон сагадағы» әйелдерге назар салсақ, олардың пікірі, шынында, құрметке ие болады, тіпті, ерлер әйелінің бір-екі ауыз желіктіру сөзіне бола, қолына қасап пышақ алып, қарындасының күйеуін өлтіреді. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде әйел ердің меншікті мүлкі есептеледі, ол күйеуі өлсе де, басқа жаққа кете алмайды, әменгерлік салты бойынша күйеуінің аға-інілеріне, немесе ру ішіндегі өзге туыстарына төсек жаңғыртады. «Қобыланды» дастаны тұрғысынан қарасақ, сол кездегі қазақ әйелдерінің қоғамдық орнының төтенше төмен екенін байқай аламыз, яғни әйелі жақсы ниетпен күйеуіне қатерлі жорыққа бармау жөнінде нәсихат айтса, күйеуі оны қате түсінеді, тіпті, әйелді мерт қыла жаздайды. Осы арада түсінік бере кететін бір мәселе, Булленхильда ғұндардың қызы делінгенімен, автор исландиялық жазушы, мұндай жазушылар қажет болса болды, тарихта өткен славяндарды, галлиоларды, римдықтарды шығармасына келсін-келмесін кейіпкер етіп кіргізе береді, ал олардың дәстүрлі мәдени бояуын аршып тастайды, сондықтан «Фоулсон сага» баяғысынша герман текті халықтардың теңіз мәдениетін арқау еткен батырлық дастаны есептеледі.

Бұл екі эпостағы маңызды екі әйел кейіпкер — Гудрон мен Құртқа ұқсас түрде тағдыр тәлкегіне ұшырайды. Сигордтың Гудронмен некеленуі Жуис әулетінің асыл байлығы үшін еді, Аттилань Гудронды зорлап иеленіп алуы да, Жуис әулетінің асыл байлығына дәмеленуден болатын. Демек, Сигорд пен Аттила Гудронды сүймейді, олардың мақсаты асыл байлықты қолға түсіру. Ал, Жуис әулеті жөнінен алғанда сол кездегі Гудронның Сигордпен үйленуі асыл байлықты қорғап қалу үшін болса, сол сияқты жалт бұрылып ғұндар патшасы Аттиламен үйленуі де асыл байлықты қорғап қалу үшін болатын. Тағдырдың тәлкегі оны ұзақ күндер мен түндерде көз жасын көлдете отырып, жауыз тағылармен төсектес болуға, олар үшін ұл-қыз туып беруге мәжбүр етеді. Тағдырдың тәлкегі мұнымен аяқталмайды, қайта дәстүрлі кек алу салты оны одан ары жетелейді, сонымен бұл бейшара әйел Аттилань және одан тұған өз баласын өлтіреді. Ашыққан жолбарыс та өз баласын өзі жемейді ғой, ал мына Гудронның қасап пышағын қолға алып, өз баласын өзі өлтіруі, шынында төбе шашты тік тұрғызатын қандай аянышты көрініс десеңізші! Осыдан кейін Гудрон аянышты уақиғаны одан ары жалғастырып, өзін-өзі өлтіріп тыным табады. Бұдан сол заманда қаншалаған әйелдер оның тағдырын қайталағанын мөлшерлеу қиынға соқпаса керек. Гудронмен салыстырсақ, Құртқаның тағдыры да тым шіркін-ай емес еді, ол Қобыландының жорықтағы олжасы еді, аты Қобыландының

әйелі болғанмен, заты күнмен тең болатын. Құртқа болашақ жорықта жеңілімеуі үшін, Қобыландының тұлпарын бар зейінімен баптайды, бірақ жаман ниетті серіктерінің күшкіртуімен, ол әлі бабына келе қоймаған тұлпарды мініп жорыққа аттанбақ болады, ал, Құртқа жөнін айтып жолын тосады, жат ниеттілердің қайрауында Құртқаның шын ниетін қате түсінген Қобыланды ашу шақырып, оны өлтірмек болады, Құртқа зерделі әйел болмағанда күйеуінің бұзық серіктері мерт қылар еді. Нәтижесінде, Құртқаның айтқаны келіп, бұғанасы қатпаған жас тұлпар босандық танытып, Қобыланды шайқаста жеңіледі, зынданға жабылады. Күйеуі қайта оралып, тағы бір әйел алғанда, ол күндестігін ішіне жасырып, оған жаңа үй тігіп береді, сөйтіп, бұл әйелдерге тән асыл қасиет деп саналады. Ал, Булленхильд мен Қарлығаға назар аударсақ, олардың қоғамдық орны салыстырмалы түрде орнықты, бірақ бұл неге тұрмақ? Оларда бәрібір еркектердің қолжаулығына айналады, басқалардың зорлап таңған намысы оларды тіпті де аянышты тағдырға ұшыратады. Демек, бұл эпостарда жырланған тарихи дәуірде жасаған әйелдер, мейлі теңіз мәдениеті аясында болсын, немесе сахара мәдениеті аясында болсын, қашанда төменетек немесе» «екінші жыныс» деп қаралған, олардың тағдырында ешқандай парық болмаған.

*2 Ерте тұрып кеш жататын, еңбегі еш болған әйелдер тақырыбы аясында сомдалған образдардағы ұқсастық пен парық*

Берері көп, алары аз әйелдер тақырыбы мен қамқор ана, адал жар тақырыбы басқа ұлттардың батырлық дастандарындағы сияқты, батырлық ерлік тақырыбына тәуелді, қосалқы тақырып ретінде көрініс береді. Бұлардың ішінде берері көп, алары аз әйелдер тақырыбы салыстырмалы түрде жалаң, оқиға желісі қарапайым болады да, ондағы әйелдердің бәрі батырлар үшін тегін бодау беретін, ырықсыз, бағынышты орында өмір сүреді. Ал адал жар, қормал ана тақырыбының оқиға желісі бұған қарағанда әлдеқайда күрделі, бейнелеу әдісі жағынан да парықты болып келеді. Біз тілге тиек етіп отырған екі дастан тұрғысынан алып айтсақ та жағдай дәл осындай. Адал жар, қормал ана тақырыбы «Қобыланды батыр» жырында едәуір көлемде суреттелсе, ал «Фоулсон сага» дастанында тым мардымсыз суреттеледі, мейлі қалай болса, солай болсын, бұл түйін әйел заты «екінші жыныс» деп қаралатын дәуірде адамдардың тек әйелдерден ғана адал жар, қормал ана іздейтіндігін көрсетеді. «Герман естеліктері» атты кітапта ежелгі герман текті халықтардың адал жар, қормал анаға қоятын талаптары: «Қыз беті ашылмаған күйде некеленуі, күйеуіне адал болуы керек, олардың тумай қоюына, сәбилерді өлтіруіне болмайды, олар күйеуімен бірге жапалы еңбек етіп, қиындықты бірлікте жеңуі, өзара көмектесуі керек», делінеді. Ал, «Қобыланды» дастаны жырлаған заманында қазақ халқының адал жар, қормал анаға қоятын талаптары да, әйелдердің «күйеуіне опадар болуы, ата-енесін құрметтеуі, күйеуімен бірге ұрпақ тәрбиелеуі» сынды мазмұндарды қамтитын. Демек, бұл талаптар арасында үлкен парық жоқ. Сондықтан «Фоулсон сага» мен «Қобыланды» дастанындағы адал жар, қормал ана тақырыбын зерттеу бұл дастандарды зерттеуде аттап өтуге болмайтын мазмұн есептеледі, әрі бүгінгі қоғам белгілеген адал жар, қормал ана өлшемдері тұрғысынан, әйелдердің ерлер құқығы аясында қалай өмір сүруі керектігі мәселесін, яғни әйелдер армандаған бағыныштылық салдарынан қасіретке ұшыраудан құтылу жолдарын, табуға болады деп қараймыз.

«Фоулсон сага» дастанында Булленхильд және Гудрон сынды екі әйел образы бар, Булленхильд дастандағы бас кейіпкерлердің бірі Сигордтың бұрынғы қалыңдығы, ол тастанды етілген соң, тағы бір бас кейіпкер Куннарға әйел болады. Гудрон бұрын Сигордтың әйелі еді, күйеуі өлген соң зорлықпен тағы бір бас кейіпкер — Аттиламен некеленеді. Бұл кейіпкерлерге адал жар, қормал ана өлшемі тұрғысынан талдау жасауда, біз әуелі Булленхильданы тілге тиек етеміз, эпоста бұл кейіпкер адамдар белгіленген адал жар, қормал ана категориясынан белгілі дәрежеде ауытқыған әйел түрінде көрінеді, әсілі Куннардың әйелі ретінде, ол Жуис әулетінің асыл байлығын жан-тәнімен қорғауы керек еді, бірақ ол кейінгі күйеуі Куннарды қайрап салып, асыл байлықты қорғап келген Сигордты өлтіртеді. Әрине, Сигорд Булленхильданы тастанды етіп, ұятқа қалтырған адам болатын, осы өшпенділік оны Сигордты өлтіруге итермелейді. Булленхильда трагедиясы жай көзбен қарағанда махаббаттан туындаған өшпенділік сияқты сезіледі, десе де, Сигордтың өліміне байланысты кейінгі трагедияларды оқығаннан кейін, оның астарында төркінің мүддесін қызғыштай қорғау мақсаты тұрғанын байқау онша қиын емес. Демек, Сигорд өлсе, Жуис әулетінің ұрпағы Куннар үшін, Жуис әулетінің асыл байлығын қымқырып алуды мақсат еткен жемтікестердің біреуге азаяды.

Ежелгі герман текті халықтар мәдениетінде қандастық қатынас құдандалық қатынастан жоғары тұрған, бұл жағдай тағы бір әйел образ Гудрон трагедиясынан айқын көрінеді. Гудрон, мейлі

Сигордпен немесе Аттиламен некеленсін, мұның бәрі Жуис әулетінің мүддесін қорғау үшін болатын. Адал жар, қормал ана тұрғысынан ежелгі герман текті халықтардың әйелдер образына талдау жасағанда, қандастық мүдденің құдандалық мүддеден мүлдем жоғары тұратынын аттап өтуге болмайды, дегенмен бұл мәселені сөз еткенде ерлі-зайыптылар арасында қандастық қатынас болмайды, тек олардан туған ұл-қыздар арасында ғана қандастық қатынас өмір сүреді дейтін тағы бір аксиома пайда болады. Қысқасы, ежелгі герман текті халықтар мәдениетінде қыздың төркін жағымен болған әке мен қыз сынды қандастық қатынасы, күйеуі жағынан болған шеше мен бала сынды қандастық қатынастан жоғары тұрған. Демек, қоғам, бір жағынан, әйелдердің адал жар, қормал ана болу категориясына бойұсынуын талап етсе, енді, бір жағынан, әйелдердің төркін жағынның мүддесін бәрінен жоғары қоюын талап еткен. Сондықтан адал жар, ардақты ана болу сынды бұл мәдениет ежелгі герман текті халықтардың эпостық дастандарында мүлде қосалқы орында баяндалған. Кісіні қайран қалдыратын жері, әйелдердің күйеуімен ертелі кеш дәмдес, тұздас бола отырып, он ай омыртқасын үзіп перзент сүйе отырып, қасірет пен жапа-машақатты ортақ арқалай отырып, төркін жағының мүддесін бәрінен жоғары қою қысымнан құтыла алмайтындығы. Осылай болғандықтан, «Фоулсон сага» дастаны пайда болған өңір мен дәуірде әйел заты ұқсамаған күштердің қысымы астында өмір сүруге мәжбүр болған, яғни өзінің күйініші мен сүйініші, төркін жағының мүддесі, ұзатылып келген жерінің мүддесі, сондай-ақ қоғам белгілеген өлшем қатарлылардың шектеп-тежеуіне ұшырап отырған, міне, бұдан сол дәуірдегі әйелдердің от пен су арасында өмір сүріп келгенін көруге болады. Булленхильда төркін жағынның қандастық мүддесіне шырмала отырып, өзінің күйініші мен сүйініші, төркін жағының мүддесі, күйеуі жақтың мүддесі, сондай-ақ қоғам белгілеген ереже сынды мәдениет аясынан үйлесімді жол іздейді, ең соңында, трагедиялық жолға қалай кіргенін өзі де сезбей қалды. Енді бір әйел кейіпкер Гудрон да осыған ұқсас түрдегі мәдениет аясынан үйлесімді жол іздей жүріп, трагедиялы өмірге кіріптар болады. Ол бейне Булленхильда секілді төркін жағының мүддесін ең жоғарғы орынға қояды, төркін жағы оны Сигордқа ұзатса, Аттилаға ұзатса, Аттилаға тие береді, ең соңында төркін жағының қандастық кегін қайтару үшін күйеуінің және өз баласының жанын алып, өз өмірін де мерт қылып, жарық дүниеге қош айтады.

«Қобыланды батыр» дастанында да Құртқа мен Қарлыға сынды екі әйел образы бар, олар Қобыландының некелі әйелдері, Құртқа Қобыландының олжаға түсірген әйелі болса, ал Қарлыға өз әкесі мен ағаларын өлтірудей ауыр құн төлеп, өз ерікмен Қобыландыға еріп келген әйелі болатын. «Қобыланды» дастанындағы бұл әйел образдарды сол кездегі қоғам белгілеген категорияға үйлесетін адал жар, ардақты ана деуімізге әбден болады. Бұлай деуіміздің себебі, сахара мәдениетінде әйелдердің ерлерге бағыныштылығы тіпті де ауыр болатындығына байланысты болса керек. «Қобыланды» дастаны пайда болған өңір мен дәуірде әйелдер әр түрлі күштердің қысымына ұшырап отырады десе де, оларды «Фоулсон сага» дастанындағы әйелдер ұшыраған қысыммен салыстырғанда біршама жеңіл деуге болады, себебі шөбі шүйгін, суды тұнық далада бытырай қоныстанып, жеті су аттап, жеті әулет өткізіп барып қыз алысатын қазақ ұлты әйелдерінің төркін жағының мүддесін ойлауға мұршасы да жетпейтін, олардың көз алдында тұратын ең басты мәселе күйеуінің көңілін табу, ұзатылып барған рудың мүддесін ойлау, қоғам белгілеген қағидаларға қарсы келмеу, сондай-ақ өзінің күйініші мен сүйініші сынды мәдениет аясынан үйлесімді жол табу ғана болатын. Демек, «Фоулсон сагадағы» әйелдер төркін жағының мүддесін бірінші орынға, өздерінің күйініш-сүйінішін екінші орынға қойса, ал «Қобыланды» дастанындағы әйелдер күйеуін сыйлауды бірінші орынға, өзінің күйініші мен сүйінішін екінші орынға қояды. Теңіз мәдениеті аясындағы сомдалған Булленхильда қорлыққа төзбейді, тіпті, кісі өлтіруге дейін барады, ал сахара мәдениеті аясындағы сомдалған Қарлыға Қобыландының өзіне қайта бет бұруын үнсіз күтеді, сүйген жарының еркіне құрмет етеді, өзінің тасқындаған күйініші мен сүйінішіне төтенше сабырлы ұстанымда болады. Қысқасы, ұстаған орны салыстырмалы түрде тұрақты болуына байланысты, Құртқаның түрлі қоғамдық қатынастарды біржақты етудегі тәсілі: күйеуіне мүлтіксіз құрмет етіп, өз күйініш-сүйінішін бір жаққа қайырып қоюы болады. Демек, қазақ халқының ежелгі эпостарындағы адал жар, ардақты ана болуды әйелдер өз еркін құрбан етуге айырбастап алса, герман текті халықтардың ежелгі эпостарындағы әйелдер де адал жар, ардақты ана болуды өз еркіндігін сақтап қалуға қарсы тұратын жол деп қарамайды. Қорытып айтқанда, ежелгі герман текті халықтарда болсын, немесе ежелгі қазақ халқында болсын әйелдерде еркіндік болмаған, олар ерлерге бағынышты «екінші жыныс» деп қаралған, міне, бұл олардың өмірінің трагедиямен аяқталуының ең маңызды себебі болып табылады.

## 3 Ұқсамаған мәдениет аясындағы әйел затына салынған ортақ бұғау

Ежелгі герман текті халықтар — типтік теңіз мәдениетіне, ал қазақ мәдениеті типтік сахара мәдениетіне жатады, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бұл екі түрлі мәдениет көп жақтан бір-бірінен парықталады. Десе де, осы ұқсамаған екі түрлі мәдениет аясында өмір сүрген әйелдердің тұрмыс ритмінде көптеген ұқсастықтар да бар. Мейлі отбасы мен қоғамдағы орны біршама жоғары болған ежелгі герман текті халықтар арасындағы әйелдер болсын, мейлі жеке мүлік ретінде қаралатын ежелгі қазақ әйелдері болсын, бәрі де «екінші жыныс» ретінде қаралып, күндік пен қорлану сынды кемсітуден арыла алмаған. Тілге тиек етіп отырған екі эпос тұрғысынан алып айтсақ, онда бейнеленген мәдениеттердің ішкі мәні біздің жан-жақтылы ойлануымызға татиды. Әйелдер көбінде физиологиялық нәзіктігіне байланысты, оп-оңай ерлерге бағынышты болса, ал ерлер мығым да жеңімпаз нәпсісі арқылы әйелдерге екінші бірінде сенімсіздік елес береді. Жыр тәпсірінде «ұлық көз сатса, батыл тіл қатады, әйел көз сатса, үнсіз ым қатады» дегендей, әйел заты осындай тәсілмен өз тебіренісін бейнелейді. Енді, бір жағынан, нәзік әйел заты бұдан басқа да түрлі-түстегі мүдделерге, яғни өзінің күйініш-сүйініші, төркін жағының мүддесі, күйеуі жақтың мүддесі, сондай-ақ қоғамдық тұрғыдан белгіленген қимыл ережесі сынды көптеген мәдениеттік себептердің тартысына кіріптар болып отырады. Қысқасы, әйел — трагедиялық бейне. Симон Бопреованың «Екінші жыныс» кітабында: «Әйел табиғи туылған адам емес, қайта кейін жасалған адам» деген пәтуаны еске түсіреді.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Шы чиңы. Сборник саг / Шы чиңы. — Пекин: Пекин. торг. изд-во, 2014.
- 2 Лиу жиянжүн. Толкование о литературе исландских саг // Ведущие науки. — 2003. — № 6.
- 3 Чың шы. Легенды саги Исландии / Чың шы. Исследование зарубежной литературы, 1980.
- 4 Ташито. Воспоминания о Германии / Ташито (Ма ян ауд.). — Пекин: Пекин. торг. изд-во, 1985.
- 5 Қайша Табарикқызы. Казахские эпосы / Қайша Табарикқызы. — Шинжиян: Народное изд-во, 2009.
- 6 Би шүн. Қазақ ауыз әдебиеті назариясы / Би шүн. Центральное национальное изд-во, 2006.
- 7 Уаң иянфың. Ер жынысты батырлардың көкжиегі / Уаң иянфың. «Аруларға тән — әйелдер туралы жыр аясындағы «Жәңгір» дастаны мен «Илиада» дастанындағы әйелдер образын салыстырсақ» // Журнал внутреннего монгольского педагогического университета. — 2011. — № 6.
- 8 Жяң жияниуан мен Чың жүңң. В глубь легенды // Книги. — 1999.

Уаң жи шияң, Пу хоңиан

### Тема брака и любви в легенде «Фоулсон сага» и эпосе «Кобыланды батыр»

«Фоулсон сага» и «Кобыланды батыр» — фольклорные эпосы различных народов. В статье сравнительному исследованию подверглись женские образы, использованные в названных выше легендах. Помимо места в обществе, быть верной женой, матерью и другом батыра, образы женщин должны отличаться друг от друга в силу разности культур: заморской и культуры степи. Однако авторы научно-теоретически доказали, что есть сходство в жизни женщин двух культур. Даже если они главные героини, им не избежать того, что они всегда на втором плане, ранимы и считаются рабынями в обществе.

*Ключевые слова:* этическое произведение, образы женщин, «Фоулсон сага», героические эпосы, «Кобыланды батыр», сравнительный анализ героев.

Uan zhi Shiyān, Pu khonian

## The theme of marriage and love in the legend «Fowlson Saga» and the epic «Kobylandy batyr»

«Fowlson saga» and «Kobylandy batyr» folklore epics of different nations. In the article, a comparative study of women's looks at female images. In the context of their public place, to be a faithful wife, mother and batyr's friend. In these epics, images of women are so far different from each other in the framework of overseas culture and the culture of the steppe. Authors in scientific theoretical analysis disclose that even if they are the main characters, they can not avoid the fact that they are always behind the batyrs, are vulnerable and are considered as slaves in society.

*Keywords:* ethical work, images of women, «saga Fowlson», heroic epics, legend «Kobylandy», comparative analysis of heroes.

### References

- 1 Shy, chiny (2014). *Sahalar zhinahy [Release çini «Saga Collection»]*. Pekin: Pekin sauda baspasy.
- 2 Liu, zhiyanzhun (2003) *Islandya saha adabietini turaly baiymdau, Kohamdyk hylymdardyn aldyhy shebi [Islandya saga of literature on the judgment, Before the outpost of the social sciences]*, 6.
- 3 Chyn, shy (1980). *Islandyanyn saha anyzdary, Shetel adabietin zertteu» [Çini th Islandyanyn saga of «legends», foreign literature]*, 2.
- 4 Tashito (1985). *Hermaniya estelikleri [German transl. memories] (Ma yan aud.)*. Pekin: Pekin sauda baspasy.
- 5 Kaisha, Tabarikqızı (2009). *Kazak dastandary [Kazakh dastans]*. Şinjiañ: Khalyk baspasy.
- 6 Bi, şün (2006). *Kazak auyz adabietini nazariyasy [Kazakh folklore nazariyasy (M)]*, Ortalyk ulttar baspasy.
- 7 Uan, iyanfyn (2011). Er zhynysty batyrlardyn kokzhiehi (M), Arularha tan — aielder turaly zhyr ayacsylfhy «Zanhir» dastany men «Eliyada» dastanyndahy aielder obrazyn salystyrsak (J). Ishki monhol pedahohika universiteti zhurnaly [Wañ iyanfyn horizon «male warriors, within the framework of the Tribute to Women typical female «Zhangir» Legend and «Eliada» dastanındağı compare the image of women (J). *Journal of Inner Mongolian University of Education*], 6.
- 8 Zhan, zhiyaniuan i Chyn, zhun (1999). *Zhyr tapsirine nazar, Zhonkhua kitaptary [Jyañ jiyaniwan and Çini juniñ Song, pay attention to the tapsirine, Joñxwa books]*.